Шешенсөздің бір айтыны – ән десек, естіген жан елең ете қалары сөзсіз. «Ол қалайша?» деп төтесінен сұрақ қояды. Біз де өзімізге осы сұрақты басқаша қойып көргенбіз. «Кешегі ауызша айту өнері айырықша дамыған заманда ақпарат ән арқылы таратылды ма?» Иә, ақпаратты ән арқылы да таратыпты. Ән арқылы жеткен ақпарат әсерлі, ықпалды, пәрменді болады. Әсерлі болатыны - оның әуезділігінде, музыкалық болмысында адам жанын баурап алатын сиқырлы күш бар. Ықпалды болатыны - мәтінінің өлеңмен өрілуінде. Екінің бірінің қолынан келетін қара сөзден гөрі ілуде біреудің қолынан ғана келетін өлең сөздің санаға қозғау салар қуаты ақынжанды ортада аса жоғары. Тыңдаңыз:

Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым сол себептен, Жаяу Мұса...

Дерек.

Бірінші дерек: Ел билеген, жұртқа жаққан, халық қадірлеген Шорман.

Екінші дерек: Мұстафа – сол Шорманның баласы;

Үшінші дерек: Сол Шорманұлы Мұстафа ақын Мұсаның атын тартып алған;

Төртінші дерек: ақын атсыз қалғандықтан, «Жаяу Мұса» атанған.

Оқиға.

Көз алдыңызға мынадай көріністер келеді:

- ат үстінде келе жатқан ақын;
- ақынды аттан түсіріп алып жатқан шонжар;
- домбырасын құшақтап жаяу қалған ақын;
- ақынның атын жетектеп әкетіп бара жатқан шонжар...

Әндегі ақпаратты жеткізу құралдары:

а) **Мәтін.** Мәтін қара өлең үлгісінде жасалған. Оның ақпарат жеткізудегі ықпалдылығы мен әсерлілігі жоғары болуы үшін мынадай құрылымдық жүйеге түсірілген:

Шумақ – төртеу.

Әр шумақта жол – төртеу:

Тармақ- үшеу:

Бірінші тармақ - Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,

Екінші тармақ - Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса,

Үшінші тармақ - Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым сол себептен, Жаяу Мұса...

Буын -он бір:

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11

Шор-ман-ның Мұс-та-фа-сы а-тым-д(ы+а) а- лып

Бунақ- үшеу:

1 2 3

Шорманның/ Мұстафасы/ атымдалып

Ұйқас- шалыс:

...сиса,

... қылса.

...алып,

...Мұса.

Неге ақпарат өлең түрінде жеткізіліп отыр? Өйткені, тумысынан ақын қазақ халқына жай сөйлегеннен гөрі көркем сөйлеген әлдеқайда құлаққа жағымды естіледі. Айтылған ақпарат өлеңмен жеткізілсе тез жатталады. Ақпарат өлең өлшеміне түскен соң қарабайырлықтан, жапатармағайлықтан, шұбалаңқылықтан арылады; Көркемдеуіш - бейнелеуіш құралдар арқылы «өлі» ақпаратқа «жан» бітеді;

ә) Әуез

Ақынға ақпаратты өлеңмен жеткізу аздық етеді. Өйткені оны өлең түрінде ғана айтып қойса, жұрттың бәрі дерлік түгел бірден қабылдап ала қоюы екіталай еді. Санаға тез сіңіп, жүрекке жылдам әсер етуі үшін жалаң өлеңнің пәрменділігі аз. Оған тағы бір құрал керек болған. Ол-әуез. Әуез - әннің мәтінін әсерлі де ықпалды ету үшін әдейі шығарылған дыбыстардың үйлесімді көркем жиынтығы. Дыбыстардың үйлесімді көркем жиынтығы ақпарат астарындағы мазмұнмен бірге қабылданады да санаға да, сезімге де қозғау салады. Сөйтіп, өлеңмен де, әуезбен де келісті көмкерілген ақпарат тыңдаушыға тез жетеді. Санада ұзақ сақталады.

Ақпарат жеткізуге арналған әуез тек шумақтан ғана тұруы мүмкін. Әйтсе де қазақ сахарасындағы ән айту дәстүрінде әннің *бастамасы* болады. Бастама әдетте ашық дауысты дыбыстардан немесе дара одағайдан тұрады. Бастама:

- айналасын өзіне қарату үшін;
- жұртты ақпарат естуге жинау үшін;
- алқа топтың ықласын өзіне аудару үшін;
- өзге ақпараттардан аластау я арылту үшін;
- тыңдаушыны ақпарат естуге био-психологиялық дайындықтан өткізу үшін керек.

Бастамада ақпарат айтылмайды. Ақпарат елдің бәрі құлақ түргеннен кейін ғана әннің *ұсынбасында* айтылады.Әннің *ұсынбасы* деп отырғанымыз - мәтіннің болған жәйді баяндайтын бөлігі. Мысалы, әннің *ұсынбасы*:

Келемін тау ішінде өлеңдетіп,
.....
.....
.....

Ұсынбасы:

- оқиғаны баяндау үшін;
- айтушының болған жайға қатысты көзқарасын жеткізу үшін;

- тыңдаушыны оқиғаға ортақтастыру үшін;
- тыңдаушының санасына қозғау салу үшін қажет.

Әдетте ұсынбадан кейін *қайырма* келеді. Қайырманың мәтіндік құрылымы да, әуездік-әуендік, мақамдық-сарындық, саздық-екпіндік болмысы да ұсынбаның құрылысы-құрылымымен нақпа-нақ, дәлме-дәл келуі шарт емес. Қайырма:

- ән мәтініндегі ақпараттың негізі түйінін айтады;
- қосымша мәлімет береді;
- ұсынбалар арасын сабақтастырады;
- әннің дыбыстық ауқымын биіктетеді, кеңейтеді;
- тыңдаушының айтылып жатқан ақпаратқа қатысты ойын жалғайды, қиялына қанат бітіреді;

Мыс.:

Қайырмасы:

Ақ боз ат менің тұлпарым,
Астымдағы сұңқарым
Көкірек кере жұтамын
Ауаның тәтті жұпарын

Кейде ұсынбадан немесе қайырмадан кейін *көтерме* келеді.

Көтермесі: Ахаааау! Сүмбілшаш!

Дәстүрлі әндерде ұсынбадан кейін *көтерме* бастама секілді ашық бір дыбыстан немесе одағайдан, болмаса сөз тіркестерінен тұруы мүмкін. Әннің бір бөлімін айтып болған соң келесі бөлімге өту алдында ақпаратты әнмен жеткізуші тағы да ашық дауыспен өз үнінің мүмкіндігіне қарай дауысын бір көтере шалқытып алады. Көтерменің де атқарар қызметі бар. Бірақ бастаманың әуезімен айтыла бермейді. Бұл:

- тыңдаушыны жалықтырып алмау үшін;
- естушіні тыңдаушының психологиялық деңгейіне жеткізу үшін;
- келесі айтар ақпаратын жұптап алу үшін;
- лирикалық шегініс жасау үшін;
- өзіне де, тыңдаушыға да био-психологиялық демалыс беру үшін қажет.

Көтерме жеке дауысты дыбыстан (е-е-е-е-е-е!); екі дыбыстан - (а-а-а-а-й!); үш дыбыстан тұратын одағай – (а-а-х-а-а-у!) немесе жеке одағайлардан «халалагулэй, илалагулэй, иридай, илигай, елигай, хайлайлім, т.б) қаратпа сөздерден: «Ей. Сәулем!», «Қарғам-ау», «Сүмбілшаш», «Бұлбұлым», «Бозторғай», «Қараторғай» т.б. құрала береді.

Кейде көп әндерде көтермеден соң тағы бір *қайырма* болады. Қайырманың дәстүрлі әндердегі нұсқалары мәтіндік болмысы тұрғысынан көбіне көп қысқа, ұсынбаның бір шумағының үштен біріндей ғана. Қайырма ән мәтініндегі айтылған ақпаратқа тікелей қатысы бар және сонда айтылған ойға демеу, тірек болатын, әрі қарай қанаттандыратын болмаса түйіндейтін сөз, сөз тіркестері, сөйлем немесе тармақ я шумақтан, кейде түйдектен (тирада) де құралады.

Кей әнде қайырманың соңынан мәтіндік-әуездік *қайтарма* да қолданылады. Ол әндегі ақпараттың түйіндемесі ретінде де, жалғамасы санатында да, тыныс алары сипатында да қолданылады. Мысалы:

Қара көзің,
Тәтті сөзің,
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің...

Әсте, әндегі ақпараттың тыңдаушы құлағына сіңіп, санасында жатталып қалуы үшін қажетті әуездік-әуендік бейнелеуіш көркем құрал ретінде қызмет атқаратын *бастама*, *ұсынба*, *көтерме*, *қайырма*, *қайтармалар* шешенсөздің әуезді түрлерінің бәрінде бірдей қолданыла бермейтіндігі есте болғаны жөн. Олардың қолданылу реті де біркелкі, бірізді және тұрақты емес, Яғни әр әнде әр түрлі қолданыла береді. Ол

айтушының шеберлігіне, жеткізушінің шабытына, тыңдаушының талғамы мен таным таразысына және ақпараттың қажеттілігіне байланысты.

б) Сүйемел.

Әндегі ақпаратты әсерлі де пәрменді жеткізуге қажетті амалдың бірі – **сүйемел**. Музыкалық аспаптың бірімен ән әуезі нақышына келтіре құбылтқанда тыңдаушы айтушының өнеріне сүйсінеді. Соның айтқанына еріксіз мойын бұрады, Құлағы естіген, санасы қабылдаған, жүрегі қош көрген ақпаратты есте сақтауға деген ынтасы оянады. Жадында ұстап қалу аз, сол ақпаратта айтылған ойға өз еркімен қосылуға құмбыл болады. Қосылып қана қоймай, әрекетке көшуге әзір болғаны - айтушы үшін аса маңызды. Айтушының мақсаты - ақпаратты ән арқылы жеткізе отырып, тыңдаушының санасына қозғау салу. Сүйемел сол үшін де керек болған оған.

в) Ым. Ишара.

Ән айтушы, яғни ән арқылы ақпарат жеткізуші ойындағысын сыртқа шығару кезінде тек сөзді ғана қолданбайды, сөзбен бірге әуезді пайдаланады, әуезбен бірге сүйемелдеу амалын іске асырады. Сонымен бірге ым мен ишараны да қажетіне жаратады. Ішкі жан дүниенің айтылар ойға байланысты құбылуы айтушының бет-әлпет қозғалысынан, дене мүшелерінің қимылынан да көрініп отырады. Шын айтқыштар ым мен ишараны әдейі қосады. Сонда айтылған ақпараттың өтімділігі күшейеді. Көз, жанар, кірпік, қас, қабақ, ерін, езу, ұрт, құлақ маңдай, мұрын, қол, саусақ, иық - бұлардың бәрі айтылар ақпараттың ауанына қарай қажетті қозғалысқа түсіп отырса, тыңдаушының ақпарат астарындағы ақиқатқа илануы арта түседі.

г) Дауыс.

Сайын даланың шетсіз, шексіз төсінде ән шырқаған айтушының биік дауысы болмаса, ашық аспан астында айтылған сөзінің бәрі алдында тұрған тыңдаушыдан әрі аса алмай қалады. Сондықтан да көпшілік жиналған жерде айтылған ақпарат алыстағыға да жетуі үшін зор дауыс керек. Бірақ алқақотан отырған жерде дауысқа аса мән берілсе, айтар ойдың, жеткізер ақпараттың мазмұны тасада яғни әнші үнінің ұясынан шыға алмай қалуы да ғажап емес. Бұл енді тыңдаушының талғам-тұшымы, сұраныс-қажетіне қарай болатын нәрсе.. Сондықтан айтушы ең әуелі әндегі ақпаратты жеткізуге, жеткізіп қоймай тыңдаушының санасына өткізуге барынша күш салады. Шешенсөзде дауыс екінші орынға ысырылады. Бірінші кезекте ән мәтініндегі ақпарат тұрады.

Иә, ән де шешенсөз жанры бола алады. Өйткені, онда ақпарат айтылып қана қоймайды, сол ақпарат арқылы **қоғамдық-әлеуметтік мәселе** де қозғалады.

Тыңдаңыз:

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
 Көкшетау боқтығына көмген жерің,
**Кісісін бір болыстың біреу сабап,
 Бар ма еді статияда көргендерің?
 Жанбота, өзің болыс, әкең – Қарпық,
 Ішінде сегіз болыс шенің артық.
 Өзіндей Азынабайдың поштабайы,
 Бір қойып, домбырамды алды тартып...**

Осы екі шумақта дерек те, мәлімет те бар. Ол дерек пен мәлімет өмірдің өзінен алынған. Ойдан шығарылмаған.

Бірінші шумақтағы мәліметтер:

1. Жанбота – тарихта бар адам;
2. Көкшетау – жер аты;
3. «Статия» деп отырғаны - адамгершілік құндылық ұстанымдары жазылған Заң бабы, яғни ол – құжат.

Екінші шумақтағы мәліметтер:

1. Жанбота – болыс;

2. Оның әкесі Қарпық та әйгілі тұлға;
3. Жанботаның 8 болыстың (дерек) ішінде мәртебесі жоғары;
4. Азнабай- Жанбота тұрғылас болыстың бірі;
5. Оның поштабайы бар; Сол поштабай ақынды бір ұрып домбырасын тартып алған. Көрдіңіз бе, әннің әр жолында дерек пен мәліметке толы ақпарат бар.

Бұл ән осындай деректер мен оқиғаны ғана ақпарат ретінде ұсынып отырған жоқ. Бұл ән баяндалған оқиға, айтылған дерек арқылы сол замандағы қоғамда орын алған **қоғамдық-әлеуметтік мәселені** жеткізіп отыр. Осы ақпараттардың астарында, біріншіден, әлеуметтік теңсіздік жатыр; екіншіден, әлеуметтік әділетсіздік; үшіншіден, ел ардақтаған ақынға жасалған зомбылық, азаматтық құқын аяққа таптау, ел алдында беделіне нұқсан келтіру, рухани-моральдық зардап шектіру бар.

Бір болыстың адамын екінші бір болыстың адамы сабаса, ол қоғамда теңсіздіктің, заңсыздықтың, әлімжеттіктің орын алғаны. Осыны айтушы Жанботаға келіп қара сөзбен-ақ жеткізуіне болатын еді. Өйтпейді. Өйтпейтін себебі, болған оқиғаны жалғыз Жанботаның біліп қойғаны маңызды емес. Ең маңыздысы - сол болған жайды бүкіл елдің білгені, Жанботаның яғни жанботалардың айналасында болып жатқан заңсыздықты, әлімжеттікті елдің, бұқараның естігені қажет. Сөйткенде ғана қоғамдық пікір туады. Билікке, билік басындағыларға деген қоғамдық ой қалыптасады. Ән арқылы қоғамдық-әлеуметтік мәселе қозғап, ол мәселенің шешілуіне ықпал жасауға болатынын әнді қару еткен айтушы жақсы білген. Сондықтан да болған оқиғаны әнмен баяндап, ән арқылы бұқараға жайып, жариялады. Ән бұл жерде болған оқиғаны халыққа жеткізуші бұқаралық ақпарат құралының ролін атқарып тұр.

Ән ақпарат таратушы, қоғамдық-әлеуметтік мәселе қозғаушы қызметтерін атқарып қана қоймайды. Ол **өз заманының идеологиялық қызметін де атқарады**. «Мысалы, «Дударай» әні қазақ даласына келіп қоныстанған орыс халқының өкілдері мен жергілікті халықтың арасындағы байланыстың тәтті бір көрінісін паш етеді. Сол ән арқылы екі халықтың татулығын дәріптегісі келеді.

1. Мариям Жагор деген орыс қызы,
Он алты, он жетіге келген кезі
Қазақтан Дудар деген ғашық болып,
Сондағы Мариямның айтқан сөзі

Бірінші шумақтағы дерек:

Бірінші дерек: Мариям деген – қыз.

Екінші дерек: Ол – Жагордың қызы.

Үшінші дерек: Жагордың ұлты – орыс.

Төртінші дерек: Мәриям он алты немесе он жетіге келген қыз.

Бесінші дерек: Дудар - жігіт.

Алтыншы дерек: Дудардың ұлты – қазақ.

Жетінші дерек: Дудар Мариямға ғашық .

**2. Дудар-ай, ақ боз атты жемдедің бе,
Жеріне уағда айтқан келмедің бе,
Жеріне уағда айтқан келмей қалып,
«Мариям-заты орыс» деп сенбедің бе?..**

Екінші шумақтағы дерек:

Бірінші дерек: Дудардың астында ақ боз аты бар.

Екінші дерек: Дудар уағдаласқан жеріне келмеген.

Үшінші дерек: Дудардың көңілінде «Мәриямның заты - орыс» деген сенімсіздік бар. Соны Мариям сезеді.

**3. Ащыкөл, Тұщыкөлдің арасы бір.
Басыңа кәмшат бөрік жарасып жүр,
Дудар-ай, келер болсаң, тезірек кел,
Орныңа орыс, қазақ таласып жүр...**

Үшінші шумақтағы дерек:

Бірінші дерек: Олар Ащыкөл және Тұщыкөл деп аталатын жерлерді мекендейді;

Екінші дерек: Дударай басына үнемі камшат бөрік киіп жүреді. Демек, ол - өз ортасында сері жігіт.

Үшінші дерек: Мариямдай бойжеткенге орыстың да, қазақтың да жігіттері сөз салып, өзара таласып жүр. Демек, Мариям да айналасына ақыл-ажарымен жаққан ару, қазақшаға жетік қыз. (Әйтпесе, екі ұлттың өкілдері бірдей таласа ма?)

**4. Қолыңда Мариямның өткір қайшы,
Қағазға Мариям аты жазылсайшы.
Қор болып бір жаманға кеткенімше,
Алдымнан қазулы ор табылсайшы...**

Төртінші шумақтағы дерек:

Бірінші дерек: Мариям – қолына қайшы ұстайтын ісмер.

Екінші дерек: Дудар да, Мариям да қағазға жаза да, оқи да алатын сауатты. (Мариям Дудардан хат күтеді).

Үшінші дерек: Мариям бір жаманға қор болып кеткісі келмейді.

Төртінші дерек: Мариям Дудардай жігітке тимей, қайдағы бір жаманға қор болғанша өлуге дайын.

Оқиға.

Бірі Ащыкөлде, екіншісі Тұщыкөлде, бірі – қазақ, бірі – орыс, екі жас бір-біріне ғашық.. Мариям Жагорқызы – он алты-он жетідегі бойжеткен, бозбаланы ойлы еткен қыз. Дударай да «басына кәмшат бөрік жарасып жүрген» өз ортасының серкесі. Неге екені белгісіз, Дударай Мәрияммен уағдаласқан жеріне келмей қалады. Соны білгендей басқалар да Мәриямға сөз салып, қызға талас басталған сыңайлы. Осы таластың арты ушығып кете ме деген әрі Дударайға деген махаббаты берік Мариям әнмен ақпарат таратады. Ән тез тарайды. Неге?

Мәселе әннің әуезінде ме?

Әрине. Бірақ әуезден де әсерлісі- **шындыққа негізделген ақпарат**. Осы ақпараттың тарихи негізі бар. **Тарихи шындықтың** бірі - нәсілі де, ұлты да, діні де, тілі де бөлек екі жастың бір-біріне ғашық болуы. Бұл сол заманның әдеті мен әдебінде бұрын-соңды болмаған, болуы да мүмкін емес секілді оқиға еді. Елдің бәрін елең еткізген, қазақ болмысындағы ешкім күтпеген жаңалық-сенсация еді! Ән осындай сенсациялық ақпаратымен ел есінде қалған. Осындай тарихи шындықты жеткізу үшін айтушыға қажет көмекші құрал ретінде әуез сәтті пайдаланылған. Әдетте елді елең еткізген тосын жаңалық ескірген соң ел есінен шыға бастайды, уақыт өте келе оның өзектілігі көмескіленіп, мүлдем ұмытылады. Ал мына әндер яғни «Жанбота» мен «Дударай» қазірге дейін ел аузынан, әнші көмейінен кеткен жоқ. Себебі неде? Мәтінінің құрлымында ма? Солай болуы да мүмкін. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, айналасы теп-тегіс жұмыр келген» соң ел есінен кетпейтіні шындық. Бірақ бұл басты себеп емес. Басты себеп әуезінде ме? Шындығында дыбыстық ауқымы кең тынысты қажет ететіні өз алдына, мәтіндегі айтылар ойды айшықты жеткізуге жәрдемші болған және мәтінді асқақтатып әкетер көркем қуаты естіген жанның есінен кетпесі анық. Дегенмен, әннің өміршеңдігі мәтіні мен әуезінің пішініне байланысты десек, негізгі себептен алшақтап кетеміз. Әннің ғұмырын ұзартып тұрған нәрсе оның

кейіпкерлерінде емес. Қазақ өмірінде талай жанботалар келіп, талай дударайлар мен мариялар өткен. Олардың бүгінде тіпті тұқымы да жоқ болуы мүмкін. Әлде әнді бүгінгі күнге жалғастырып тұрған авторының абыройы мен атағы ма екен. Ол да мүмкін. Бірақ бұл да басты себеп емес. Басты себеп әннің тақырыбы мен идеясында жатыр. Алғашқы әннің тақырыбы – XIX ғасырдағы қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік әділетсіздік. Халық арасынан шығып, елдің сөзін сөйлейтін ақиқатшыл ақандар бар да, оларға қарама-қарсы образдағы жанботалар бар. Бұлар әр ғасырда, әр қоғамдық құрылым кезінде болған. Әлеуметтік әділетсіздікті қолдан жасаушылар бар да оларға қарсылық білдіруші, көптің сөзін сөйлеуші, ақиқатты айтушылар бар. Ондайлар бүгінгі қоғамда да бар. Әділдік үшін күрес адам өмір сүрген қоғамда толастаған да, тоқтаған да емес. Сондықтан да «Ақанның "Жанбота» әні бүгінгі айтушыға да, тыңдаушыға да рухани азық.

Ал, «Дударай-ай» әніндегі идея адамдар арасындағы адами құндылықтарды ардақтауға, айтқан серт, берген уәдеге берік болуға, сүйіспеншілік сезімді аялай білуге негізделген. Тек адамдар арасында ғана жалт еткен жансезімдік қасиеттер сол қалпында екінші рет қайталанбайды. Сондай құндылықтарды асқақтата жырлау арқылы мәңгілік тақырып махаббатты биікке көтере әндету айтушыға да, тыңдаушыға да үлкен ләззат сыйлайды, өз басындағы сүйіспеншілік сезімді жаңғыртады, ойына ой қосады, сезіміне серпін береді. Дәл ондай сезім кешегі Дудар мен Мәриямның замандастарында болса, солардың бүгінгі ұрпақтарында, қазіргі жаңа толқында да бар. Сол сезімге түрткі болуға жараған ән бүгінгі мәриямдардың аузымен айтыла беретіндігі заңдылық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әндерінің антологиясы 1,2 том. Алматы, Өнер 1989.

References (transliterated)

1. Qazaq anderinin antologiyasy 1,2 tom. Almaty, Oner 1989.

Sagatbek MEDEUBEKULY

ИНФОРМАЦИОННАЯ ДОСТОВЕРНОСТЬ ПЕСНИ

Резюме

В казахской степи была развита своего рода устная публицистика. В статье автор рассматривает песню не только как музыкальное произведение, но и как публицистическое выступление акына-композитора. Акын-композитор использовал песню как музыкальный способ затрагивания жизненных проблем общества.

Ключевые слова: устная публицистика, песня, акын.

Sagatbek MEDEUBEKULY

INFORMATIONAL VERACITY OF THE SONG

Summary

A specific kind of oral journalism was developed in the Kazakh steppe. In this article author considers a song not only as a piece of music, but also as a journalistic performance of akyn-composer. Akyn-composer used the song as musical way to discuss the problems of society's life.

Keywords: oral journalism, song, akyn.

Автор туралы мәлімет:

Медеубек Сағатбек Медеубекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің деканы

Сведения об авторе:

Медеубек Сағатбек Медеубекұлы – кандидат филологических наук, доцент, декан факультета журналистики КазНУ им Аль-Фараби

Information about the author:

Sagatbek Medeubek – Candidate of Philology (PhD), Associate Professor, Dean of the Faculty of Journalism at Al-Farabi Kazakh National University.

**МУЗЫКАЛЬНОЕ ИСКУССТВО КАЗАХСТАНА В XX-XXI
ВЕКАХ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX-XXI ҒАСЫРДАҒЫ
МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРІ**

MUSICAL ART OF KAZAKHSTAN IN XX-XXI CENTURIES

УДК 78(574)09

Аклима ОМАРОВА*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы***ӨТКЕН ОРТАҚ ТАРИХЫМЫЗҒА ОРАЛСАҚ...**

Түйін. Мақалада 1930 жылдары мерзімдік басылымдағы мәліметтерге негізделген Е.Г.Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операсының шығармашылық тарихына қатысты қазақ және өзбек музыкалық-театр өнері қайраткерлерінің байланысын және операның сол кезеңдегі мәдени өмірге маңызын айқындайтын жаңа деректер ұсынылды.

Тірек сөздер: мәдениет, композитор, мерзімді баспасөз, куәлік, құжат, дерек.

Ключевые слова: культура, композитор, периодика, свидетельство, документ, факт.

Keywords: culture, composer, periodicals, certificate, documents, fact.

«1937 жылы қаңтардың ортасында “Ер-Тарғынның” алғаш қойылымы болды. Қазақ музыка театрында бұл байланыстырушы прозалық диалогсыз жасалған тұңғыш спектакль еді. Бүкіл опера тұтастай халық әннің негізінде құрылған. Мен бұл әндерден лейттемалар жасадым, қажетті ракурсте еркіндікке негіздей және сезімталдылыққа бағындыра, мен операның музыкалық сұлбасының дамуын құрдым. [...] Опера кейіпкерлерінің сезімін білдіретін халық әндері, жаңа мазмұнға толы, жаңа өмірге иемденді және жаңаша естіле бастады. Ән-мінеземелер сюжеттің дамуына бағына өзінің бастапқы мазмұнын жоғалтты және жаңа мәнге ие болды. Мен қазақтың халық операсын шығардым» – жылдар өткеннен кейін музыка авторы, сол жылдардың лексикасымен айтқанда «орденді-композитор» Е.Г.Брусиловский өзінің естеліктерінде қолжеткізген нәтижелерін осылайша бағалаған [1, 100].

Көрсетілімге үш ай қалғанда жарияланған мақалада: «“Тарғынмен” жұмыс істеу барысында, біз тұңғыш қазақ операсын шығаруды мақсат еттік. Бұл операның қойылымы – қазақ музыка театрының дамуында жаңа қадам болды» [2].

Е.Г.Брусиловскийдің басқа мақаласындағы үзінді 1938 жылдың сәуір айында болған уақиғаларды баяндайды: «Өзбек музыка театрындағы “Ер-Тарғынның” қойылымы ең қуанышты әсерді қалдырды. Мен тамаша спектакльді көрдім, барлық тараптан алғанда тамаша – бұл операда Ақжүніс рөліндегі Халима Насырованың, керемет әнші және актер Кәрім Зәкіровтың, сондай-ақ республика халық әртісі Кари Якубовтың және т.б. жас қабілетті әншілердің бірегей әртістік дарыны ашылды.

Бүкіл ұжым “Ер-Тарғын” қойылымын өзбек театры сахнасында орындау арқылы өзінің аса қиын міндетін керемет атқарды» [3].

1936 ж. күз – 1938 ж. көктем – бұл хронологиялық шектеулерде тек шығарылған туындының сахналық тағдырының контексті ғана емес, оның үстіне екі республиканың ұлттық музыкалық-театр өнер өкілдерінің шығармашылық бірлестігіне маңызды уақиғалар шоғырланған кез болды.

Музыкалық-тарихи әдебиеттерде Өзбек сахнасындағы қазақ операсының қойылған дерегі, әдетте, міндетті түрде аталады.¹ Бірақ кәсіби қарым-қатынаста болған жағдай, осыдан ілгері және кейінгі кездесулер назардан тыс қалды, себебі олар өзінің артықшылығымен дер кезінде – орталық (бүкілодақтық) және республикалық – тек

¹ Мысалы, «Истории музыки народов СССР» көптомдығында: «Ұлттық Өзбек операның туындауына дайындалу үшін негіз болған туысқан республикалардың композиторларының опера қойылымдары Е.Брусиловскийдің “Ер-Тарғын” және М.Магомаевтың “Нергиз”» нұсқалады [4, Б.422].

баспасөз беттерінде көрініс тапты, олардың уақыт және кеңістікте бытыраңқы орналасқан уақиғалармен байланысты болғаны аз емес. Жалпы реттілігін атап өтсек:

Қазақ өнерінің декадасы	1936, мамыр	Мәскеу
Театр сезонының ашылуы	1936, қазан	Алматы
«Ер Тарғын» операсының алғаш қойылымы	1937, қаңтар	Алматы
Қазақ опера театрының гастрольдері	1937, сәуір-мамыр	Ленинград
Өзбек өнерінің декадасы	1937, мамыр	Мәскеу
«Ер Тарғын» операсының алғаш қойылымы	1938, сәуір	Ташкент
Өзбек музыкалық-драма театрының гастрольдері	1938, мамыр	Ленинград

Келтірілген жеті тараптың ішінен алтауына назар салсақ: қазақ және өзбек – мамырлық декада (1936 и 1937), Е.Брусиковский операларының алғаш қойылымдары (1937 и 1938), Ленинградқа театр ұжымдарының гастрольдік іссапарлары (1937 и 1938), бұл ретте бағдарламаның екі жағдайында да «Ер Тарғын» белгіленген. Осы орайда, бұл шығарманың сәтті өтуі тек Алматы және Ташкенттегі алғаш қойылымдарында ғана емес, сондай-ақ Ленинградта да сәтті өтуіне мақала мен баспа беттерінде міндетті түрде мазмұнында «бірінші опера» деген сөзтіркеспен мінезделіп (немесе мазмұнында, немесе мәтінінде) берілген белгілердің пайда болуы септігін тигізді.

Сол мезгілдегі баспасөз беттеріне жарияланған басты түйіндерді ұсынамыз:

«...Выступающий в Москве Казахский музыкальный театр существует всего три года. На примере этого театра раскрывается расцвет всего казахского искусства...».	«...Мәскеуде өнер көрсеткен Қазақ музыкалық театрға бар-жоғы үш жыл болды. Бұл театрдың алғаш қойылымында бүкіл қазақ өнерінің өркендеуі ашылған...».	Правда. 1936, 21 мая.
«...В конце 1934 года в Москве была открыта узбекская оперная студия, где учатся 40 лучших узбекских певцов...».	«...Мәскеуде 1934 жылдың соңында өзбек опера студиясы ашылған болатын, сонда 40 ең үздік өзбек әншілері оқып жатыр...».	Казахстанская правда. 1936, 12 октября.
«...Постановка “Ер-Таргына” дает возможность говорить о ней широко и развернуто. Она – огромное достижение нашего искусства [...]. Опера сильна многоцветностью и в то же время монолитностью своего стиля, уверенным, крепким единством».	«...“Ер-Тарғынның” қойылымы туралы кең және ашық айтуға мүмкіндік береді. Ол – біздің өнердің үлкен жетістігі [...]. Опера көпбояулығымен құнды және сонымен қатар өзінің стильдік тұтастығы, батыл және берік ынтымағымен ерекшеленеді».	Социалистическая Алма-Ата. 1937, 23 января.
«Коллектив казахского оперного театра во главе с народной артисткой СССР орденосцем Куляш Байсеитовой выехал на гастроли в Ленинград. [...] В репертуаре музыкальные пьесы “Кыз Жибек”, “Жалбыр” и новая	«Қазақ опера театр ұжымы КСРО халық әртісі орденді Күләш Байсейітованың басшылығымен Ленинградқа гастрольдік іссапармен шықты. [...] Репертуарға “Қыз Жібек”, “Жалбыр” музыкалық пьесалар	Советское искусство. 1937, 11 апреля.

<p>казахская опера “Ер Таргын”» [5].</p>	<p>мен жаңа қазақ операсы “Ер Таргын” кірген».</p>	
<p>«...“Ер-Таргын” – настоящая большая победа казахского искусства, свидетельство бурного роста культуры... Казахский музыкальный театр, существующий только 4 года, сумел [...] создать первую казахскую оперу и выполнить этим обещание, данное партии и правительству перед отъездом из Москвы год назад...».</p>	<p>«...“Ер-Таргын” – қазақ өнерінің нағыз үлкен жеңісі, мәдениеттің қарқынды өсуінің айғағы... Қазақ музыкалық театр, тек 4 жыл ғана жұмыс істеп келеді, [...] бірінші қазақ операсын шығара алды және бір жыл бұрын Мәскеуден кетер алдында партияға және басшылыққа берген уәдесін орындады...».</p>	<p>Правда. 1937, 25 апреля.</p>
<p>«...Преобразование музыкального театра в оперный наложило на всех нас большую ответственность. Положительная оценка нашего первого опыта “Ер-Таргын” подтверждает правильность избранной нами линии...».</p>	<p>«...Музыкалық театрдың опералыққа айналуы барлығымызды үлкен жауапкершілікке тартты. “Ер-Таргындағы” бірінші тәжірибемізге алған оң баға біздің таңдалған бағытымыздың дұрыстығын дәлелдейді...».</p>	<p>Казахстанская правда. 1937, 18 мая.</p>
<p>«Декады искусства национальностей СССР стали у нас традицией, и традицией прекрасной. [...] Узбекские гости принесли нам много радости, и москвичи будут их долго вспоминать».</p>	<p>«КСРО ұлттарының өнер декадысы бізде дәстүрге айналды, және ғажап дәстүрге. [...] Өзбек қонақтары бізге көп қуаныш сыйлады, және мәскеуліктер оларды естерінде ұзақ сақтайды».</p>	<p>Комсомольская правда. 1937, 28 мая.</p>
<p>«...Постановка “Ер-Таргына” была для театра серьезнейшим экзаменом. [...] Теплый прием у зрителя показал, насколько неотложен вопрос создания своей узбекской оперы. И мы ждем ее от наших драматургов и композиторов...».</p>	<p>«...“Ер-Таргынның” қойылымы театр үшін маңызды емтихан болды. [...] Тыңдармандардың жылы қарсы алуы, қаншалықты өзінің өзбек операсын шығаруда кезек күттірмейтін сұрақты көрсетті. Және оны біз өзіміздің драматургтер мен композиторлардан күтеміз...».</p>	<p>Социалистическая Алма-Ата. 1938, 26 апреля.</p>
<p>«...Особенно значительна в художественном отношении постановка “Ер-Таргын”, в исполнение которого узбеки внесли столько темперамента, неподдельного чувства и сценического обаяния...».</p>	<p>«...“Ер-Таргын” қойылымындағы өзбектердің орындауында болған соншалықты темперамент, жасанды емес шынайы сезім және сахна сүйкімділігі көркемдік жағынан ерекше маңызды болды...».</p>	<p>Советское искусство. 1938, 4 августа.</p>

Бұл уақиға «шынжырының» аралық үзбелері маңызды және ескерерлік жағдай, тап солар «тарих легінде» көлеңкеде қалған және ерекше қызығушылықты көрсетеді. Солай, олардың деректік жағынан сол жылдар мерзімдік баспасөзді назарға алу арқылы дәлелденетін екі орындаушылық ұжым әртістерінің байланысындағы кезеңдік нығайю үрдісі алматылық және мәскеулік болып екі шығармашылық кездесумен белгіленуі тиіс.²

«...Сезонның ашылуына РКФСР халық әртісі, Шығыс музыка білгірі, композитор Р.М.Глиэр; Өзбек республикасының халық әртісі, өзбек музыка театрын ұйымдастырушысы Кари Якубов жолдас; Кеңестік Әзірбайжан халық әртісі Шефхет-Ханум Мамедова...» [7] – бұл жағдай 1936 жылдың 12 қазанында «Казахстанская правда» газетіндегі «Содружество культур братских народов» редакциялығының назарына алынуына және «Музыка Советского Востока» еңбегіне ортақ тақырыппен біріктірілген мақалалардың іріктелуіне негіз болды.



*Қазақ өнер қайраткерлерінің ортасында
Р.М.Глиэр, Ш.Мамедова, К.Якубов (2 қатар)³*

Бірнеше ай бұрын қазақ делегациясын газеттік белгімен сәлемдеме жолдаған Р.М.Глиэр (Правда. 1936, 26 мая), енді: «...Қазақстан үшін келесі кезең толыққанды опера болу керек. Менің естуімше мұнда, опера әлдеқашан шығарылуда және өзімнің әріптестеріме тек шынайы сәттілік тілеймін» – деп жазды.⁴ М.Кари-Якубов тәжірибе алмасу маңызын ерекшелей, біржарым жылдан кейін өзбек опера театрының жетекші актері ретінде Е.Брусиловскийдің операсында «Ертарғынның ірі батырлық бейнесін» сомдап өнер көрсетеді [6].

Екінші кездесу 1937 ж. 20 сәуір мен 20 мамыр аралығына созылған ленинградтық гастрольден кейін болды. Бұл туралы ақпарат 1937 ж. 22 мамырда жарияланды: «МӘСКЕУ («Казахстанская правда» корр.): Қазақстан және Өзбекстан ағайынды республикалардың өнер шеберлері – әртістер Байсейітовтардың, Жандарбековтардың

² Еске сала кетсек, декадаға дайындық үшін «1936 жылы шілдеде Мәскеуден ... Кари-Якубов, Мұхтар Ашрафи, Халима Насырова, Бабарахим Мирзаев, Кәрім Зәкіров, Тәліпжан Садықов, Кәміл Яшен және т.б. шақырылған болатын» – аталған өзбек опера студиясының бірінші оқығандар, ал кыркүйектің соңында Ташкентке «ӨзАСР Халық Комиссар кеңесіне қарасты өнер жөнінде басқарманың және өзбек мемлекеттік филармонияның шақыруы бойынша» [6] кеңесші ретінде композитор Р.М.Глиэр келді.

³ Бұл сурет «Замана сазы: Күйші Қ.Медетовтің 100 жылдығына арналған халықаралық конференция материалы/ құраст.: Омарова А.Қ., Бердібай А.Р. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. жинағынан алынды.

⁴ Осы уақиғаға арналған өзінің мәліметтер топтамасын «Социалистическая Алма-Ата» газеті де дайындаған болатын.

және композитор Брусиловскийдің өзбек музыка театрының артiстерiмен Тамара Ханыммен, Ұйғұрмен, Кари Якубовпен, Халима Насыровамен, Кәрім Зәкіровпен және т.б. серіктестік кездесуі өтті.

Шығармашылық жоспарларымен бөлісіп, әртістер өздерінің соңғы қойылым үзінділерімен бірін-бірі таныстырды. Қазақ әртістері “Қыз Жібек” және “Ер-Тарғыннан” ариялар орындады, өзбек театрының шеберлері – “Гүлсара”, “Фархад пен Шырыннан” үзінділер орындады.

21 мамырда қазақ өнерінің қайраткерлері Үлкен театрдың филиалында “Гүлсара” музыка драмасын көреді, мұнымен Мәскеуде өзбек өнерінің декадасы басталады» [8].

«Музыкальная критика в Узбекистане» жинағында келтірілген мәліметтер бойынша, Мәскеудегі тап осы спектакль туралы Күләш Байсейітова мақала жазды («Советское искусство»), бұл 1937 жылы 26 мамырда республикалық газетте қайта шығарылды («Комсомолец Узбекистана») [9].

Халима Насырованың естелігінде тек ташкенттік қойылымның бағалануы ғана емес, сондай-ақ халық әртісінің өмірбаянынан қосымша деректер көрініс тапқан: «Біз “Ер-Тарғынды” Алматыда көрдік. Күләш айтқан жоқ [...], бірақ онымен жүргізген әңгіме маған көп нәрсе берді» (1937-38), «опера әншісі ретінде Ақжүніс менің бірінші кейіпкерім болды» (1938), «...біздің театр сахнасында көпшіліктің жақсы көретін композиторы Е.Брусиловскийдің “Ер-Тарғын” операсының қойылғанын ешқашан ұмытпаймын – республикадағы өзбек тілінде бірінші опера спектаклі. Алғаш қойылымға Қазақстаннан композиторы мен Алматыдағы спектакльде басты рольді орындаушы – Ақжүніс – Күләш Байсейітованың келгені есімде. Біз, ұлттық операның бастаушы әртістері өздерінің қазақ достарынан қаншама құнды, пайдалы кеңестерді естідік! Ақжүніс ролінің орындаушысы, керемет әншімен шығармашылық достық, ұмытылмас К.Байсейітова маған көпті берді! “Ер-Тарғын” Өзбек мемлекеттік опера театрында бір жылға жуық өтті. Ол біз үшін үздік опера мектебіне айналды, “Буран” өзбек операсы қойылымына кіріскенде өзімізге айтарлықтай сенімді сезім ұялады» [10].

Сонымен, басылған материалға оралу арқылы концептуалды тұтас құрылымның мүмкіндігін дәлелдейтін, деректердің салыстырылуы мен талдануына негізделген, себеп пен салдарды ұғындыратын жаңа мәліметтерді бүгін де ашамыз. Қазақстандағы және тұтас аймақтарда күрделі әрі маңызы әртүрлі бекітілген үрдістерді және дамыған жаңаевропалық дәстүрді түсіну үшін түп-нұсқа құжаттарына көмекші ретінде, деректермен «жұмыс жүргізе» (ішінара, баспасөзден әбден айқындалған) жақындауға болады.

...Өзбекстан музыканттарының сөзі бойынша, «“Ер-Тарғын” операсының алғаш қойылымымен біздің театр өзінің құрылғанынан бастап тоғыз жыл өткен, ұзақ жолын аяқтады.

“Ер-Тарғын” қазақ операсын қою арқылы театрдың мақсаты өзбек тыңдармандарын ағайынды Қазақстан өнерімен тек таныстыру ғана емес, сондай-ақ үлкен шығармашылық қадамды алдыға жасап, өзінің жолын көркемдік ансамбльден толыққанды опералық ұжым ретінде аяқтау болды» [11].

Қазақстандық тыңдармандарға Э.И. Юнгвальд-Хилькевич: «Неліктен біз “Ер-Тарғында” тоқталдық? Мен қоюшы ретінде, Ашрафи – дирижер ретінде, Насырова, Якубов және басқалары – әртіс ретінде, музыканың өзіне әуестендік. Ол шынайы халықтікі, қарапайым және шыншыл, ал бастысы әсерлілікке қаныққан. Кеңес операсында бұл ажыратылмас ерекшеліктер болып көрінетін» [12] – деп куәландырды.

Жалпы, «Өзбекстанда, Орта Азияның басқа республикасындағы сияқты және Қазақстанда да, европалық опера классикасының дәстүрін аймақтық ұлттық мәдениет дәстүрімен “біріктіру” үшін орасан ауқымды және қуат пен күшті салатын жұмыс жасау қажет болды» [13, 105].

Әдебиеттер тізімі

1. *Брусиловский Е.* Пять тетрадей // Простор. 1997. № 10.
2. *Жандарбеков К., Брусиловский Е.Г.* Первая казахская опера // Казахстанская правда. 1936, 12 октября.
3. *Брусиловский Е.Г.* Прекрасный спектакль // Социалистическая Алма-Ата. 1938, 26 апреля.
4. История музыки народов СССР. Т. II. – М.: Сов. композитор, 1970.
5. Советское искусство. 1937, 11 апреля.
6. *Мухитдин Кари-Якубов.* Документальная монография. Автор-сост. Л.А.Авдеева. – Ташкент: Издательство литературы и искусства имени Гафура Гуляма, 1984; және *Векслер С. Р.М.Глиэр* и узбекская музыка. – Т.: Издательство литературы и искусства им. Гафура Гуляма, 1981.
7. Казахстанская правда. 1936, 12 октября.
8. Встреча мастеров узбекского и казахского театров // Казахстанская правда. 1937, 22 мая.
9. Музыкальная критика в Узбекистане. – Ташкент: Издательство «Фан» Узбекской ССР, 1984. – С. 96.
10. *Насырова Х.* Искусства яркие цветы // Казахстанская правда. 1962, 15 мая.
11. *Аирафи М.* Первая опера // Социалистическая Алма-Ата. 1938, 26 апреля.
12. *Юнгвальд-Хилькевич Э.И.* Победа коллектива // Социалистическая Алма-Ата. 1938, 26 апреля.
13. Музыкальная культура Узбекской ССР. – М.: М., 1981.

Аклима ОМАРОВА

ИЗ ОБЩЕГО ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОШЛОГО...

Резюме

В статье на основе данных периодической печати 1930-х годов представлены новые факты творческой истории оперы «Ер Таргын» Е.Г.Брусиловского, раскрывающие обстоятельства взаимодействия деятелей казахского и узбекского музыкально-театрального искусства и ее особую значимость в культурной ситуации тех лет.

Ключевые слова: культура, композитор, периодика, свидетельство, документ, факт.

Aklima OMAROVA

FROM THE COMMON HISTORICAL PAST ...

Summary

On the basis of data from periodicals of the 1930s new facts of E.G.Brusilovskiy “Er Targyn”opera’s creative history revealing the circumstances of interaction of Kazakh and Uzbek music and theater art’s figures and its particular significance in the cultural situation of those years are presented.

Keywords: culture, composer, periodicals, certificate, documents, fact.

Сведения об авторе

Омарова Аклима Каурденовна – кандидат искусствоведения, доцент Казахской национальной консерватории им. Курмангазы.

Автор туралы мәлімет:

Ақлима Қайырденқызы Омарова – өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті.

Information about author:

Aklima Omarova – PhD in Art, Docent of Kazakh National Conservatoire named after Kurmangazy.

УДК 78.072.2(574)

Гульмира МУСАГУЛОВА

Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова

СОВРЕМЕННАЯ МУЗЫКАЛЬНАЯ НАУКА В КОНТЕКСТЕ НОВЫХ АКТУАЛЬНЫХ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ

Резюме. В статье Г. Ж. Мусагуловой всесторонне рассматривается развитие музыкальной науки Казахстана на современном этапе. В ней раскрывается актуальность и направление проектов, осуществляемых отделом музыковедения Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова в 2015-2017 годах. Характеризуя будущие проекты, Г. Ж. Мусагулова приводит сведения о ключевых и значительных направлениях исследований. Основная концепция всех избранных тем исследований тесно связана с докладом «Стратегия Казахстан – 2050» Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева на XX сессии Ассамблеи народов Казахстана и идеями послания народу Казахстана 2014 года «Мәңгілік ел».

Ключевые слова: Стратегия «Казахстан - 2050», музыкальная культура диаспор, музыкальная тюркология, современная музыка Казахстана.

Тірек сөздер: «Қазақстан - 2050» стратегиясы, диаспораларын музыка мәдениеті, музыкалық түркітану, Қазақстанның қазіргі музыкасы.

Keywords: “Kazakhstan – 2050” strategy, musical culture of diasporas, music turkology, contemporary music of Kazakhstan.

Музыкальное искусство независимого Казахстана претерпевает значительные изменения в отличие от предыдущих исторических периодов, что является новым объектом для исследований в области отечественного музыкального искусства, в частности композиторского, исполнительского творчества и музыковедческой науки. Обогащённая жанровым, стилевым, образно-содержательным разнообразием казахская музыка подвергается инновационным процессам, которые отражаются на модификации музыкального языка, зарождении новаторских стилей и тенденций, отображая новый тематический строй, связанный с современными формами сознания, мышления, критерий, ценностей, оценок формируя отдельную структурирующую институцию.

Опираясь на выступление Президента РК Н. Назарбаева на XX сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050»: один народ – одна страна – одна судьба» от 24 апреля 2013 и национальной идеи, выдвинутой в Послании народу Казахстана в 2014 году, которые призваны сохранить и приумножить народное наследие, возродить истинные патриотические чувства к Родине, земле, искусству предков в отделе музыковедения Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова МОН РК началась реализация актуальных фундаментальных научно-исследовательских проектов, заложенных на 2015-2017 гг. на основе вышепредставленных идей и постулатов.

В научно-исследовательском проекте «Идея “Мәңгілік ел” в казахской музыке» (руководитель проекта - доктор искусствоведения, профессор С.А. Кузембай), где на первый план выступает обрисовка реальных исторических событий, произошедших в прошлом будет интерпретирована деятельность видных музыкальных и общественных деятелей для отражения их вклада в историю культуры Республики.

В сфере музыки и театра, в жанрах традиционного и профессионального искусства планируется передать все эмоциональные переживания, пережитые в суровые годы войн, обрисовать произведения, в которых главными действующими героями являются выдающиеся личности – Бейбарыс, Корқыт, Абылай хан, Сырым батыр, Исатай, Курманғазы, Абай, Жамбыл, Амангелді, Куляш и др. Вместе с тем планируется

отражение событий современности и их ярчайших представителей – Желтоксан, Астана, САММИТ, Азиада, ЭКСПО и т.д.; Н. Назарбаев, Т. Аубакиров, К. Ахмедияров, Б. Тулегенова и др.

Республика Казахстан на сегодняшний день является одной из стран, говорящими словами Президента Н.А. Назарбаева, «Свободной от этнических конфликтов». В этой связи важно отметить одну из позиций в стратегическом плане 2050, сформулированную Главой государства как «один народ – одна страна – одна судьба», в результате которой Казахстан должен стать «единым сплочённым народом, образцовым национальным Государством... Общественное согласие должно стать главным принципом жизни всего народа... А единство и толерантность – это наши активы, наши внеэкономические инвестиции в модернизацию страны!» [1].

Так, в деле реализации обозначенной идеи важной структурой является Ассамблея народа Казахстана, празднование 20-летия которой намечено на 2015 год. В связи с этим НИП «Роль Ассамблеи народа Казахстана в межэтнической культурной интеграции» имеет значимость на Государственном уровне (руководитель проекта кандидат искусствоведения, доцент Г.Ж. Мусагулова). Это, по сути, продолжение сериала, начатого ещё в 2012 году в научной работе «Музыкальное искусство народа Казахстана», успешно завершённого выпуском одноименной коллективной монографии [2].

Чётко обозначенная роль Ассамблеи, которая заключается в поддержании деятельности этнокультурных объединений, станет основным объектом предлагаемого проекта. Этнокультурные центры, в свою очередь, активно содействуют укреплению межнационального согласия в стране, всестороннему взаимному обогащению национальных культур народа Казахстана, сохранению и развитию традиций, обычаев и культуры многочисленных народов, патриотическому воспитанию молодёжи, пропаганде, здорового образа жизни. То есть, в стране, где «этническая полифония языков, культур и традиций Казахстана обрела ... богатство своеобразных оттенков и красоты» актуальной является разработка проблем, касающихся, опять же говоря словами Лидера нации, самобытных социокультурных норм, обычаев и традиций казахов, «формирующих толерантность, как элемент нематериального культурного наследия общечеловеческого значения» [1]. Отмеченные тенденции составляют актуальность избранной темы.

Так, основной задачей выдвигаемого НИП является изучение современного состояния музыкальной культуры многочисленных этносов Казахстана как значительной части культурной жизни полиэтнического государства. В результате выявления новых направлений в творчестве индивидуальных исполнителей и коллективов, авторов профессиональных произведений, в фольклорных и современных сочинениях, записи и анализа этих творений в контексте общеказахстанской политики будет положительно решена проблема многожанровой и многоплановой музыкальной культуры страны, пути их сохранения, дальнейшей интеграции и модернизации.

Целью данной темы является изучение деятельности АНК, этнокультурных объединений с точки зрения развития культурной жизни этносов Казахстана на современном этапе, творчество отдельных исполнителей, коллективов и композиторов. Произведения изучаемых этносов будут рассматриваться в связи с музыкально-теоретическими характеристиками фольклора, а также современной казахской музыки.

В результате исследования будут рассмотрены исторические, этнографические аспекты музыкальной культуры народов, выявлены самобытность и идентичность исторического формирования их музыкального языка, нотные расшифровки отдельных музыкальных образцов, музыкально-теоретический анализ. Вместе с тем будет издана коллективная монография «Роль Ассамблеи народа Казахстана в межэтнической культурной интеграции», где будут отражены художественный мир народов,

населяющих территорию Казахстана, тождество и своеобразие жанров, музыкального языка и т.д. в фольклоре, музыкальных сочинениях, а также творчестве современных эстрадных коллективов.

В НИП «Современная музыкальная тюркология: превентивность и культурная интеграция» (руководитель проекта – кандидат искусствоведения З.М. Касимова) планируется реализация наиболее актуальной темы связанной со злободневностью на современном этапе идеи тюркского мира, неоднократно отмечаемой главами тюркских стран – Казахстана, Турции и других народов, особенно она важна в стране, глава которой признан лидером всего тюркского мира, а также контексте решения проблем единства тюркских народов. Так, в Казахстане уже созданы общественные объединения «Тюрксой», центр по изучению истории тюркского мира в Президентском центре культуры, проводятся многочисленные конференции, симпозиумы, касающиеся культуры тюркских народов, а в 2012 году Астана была объявлена Президентом культурной столицей СНГ и тюркского мира.

